

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяган Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожаметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyas Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожжахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

Әбсадық А.А.

Фил. ғыл. докт., А. Байтұрсынұлы ат. ҚМУ профессоры. Қазақстан, Қостанай қ.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Кейкі (Нұрмағамбет) Көкімбайұлы – 1916 жылы Торғай даласында орын алған ұлт-азаттық көтеріліс қаһармандарының бірі, көтеріліс жетекшілері Амангелді Иманов, Әліби Жанкелдиннің сенімді серігі. Көтеріліс кезінде ол мергендер тобын басқарады. Халық жадында ол даңқты мерген, қаһарман күрескер ретінде терең сақталды. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін азаматтық соғыс кезінде Кейкі Көкембайұлы кеңес үкіметінің саясатына қарулы қарсылық көрсетті. Сондықтан үкімет тарапынан қудалауға ұшырап, қуғынға түсті: жазалаушы отряд қолынан қаза тапты. Кеңес билігі тұсында Кейкі батырдың есімін атауға, оның ғұмырнамасы мен ерлік істерін зерттеуге тыйым салынды. Кеңестік идеология халық қаһарманын «қарақшы», «бандит», «қанішер жауыз» деп айыптады. Таптық идеологияның жазасына ұшыраған Кейкі батырдың бейнесі ел жадындағы аңыз әңгімелерде, өлең-жырларда және көркем шығармаларда сақталды. Даңқты қаһарманның есімін ақтау кеңес үкіметі құлап, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жүзеге аса бастады. Кейкі Көкембайұлы туралы естеліктер, деректі зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мақала Қостанай облысы Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен жүзеге асырылған «Ұлы Дала тұлғалары: Кейкі батыр ізімен» ғылыми-ағартушылық экспедициясының материалдары негізінде дайындалып, көп жылдар бойы зерттеу нысанасынан тасада қалған Кейкі батырдың ғұмырнамасы мен ерлік істерін ел жадындағы естеліктер мен архивтік деректер арқылы талдауға бағытталады.

Түйін сөздер: Ахмет, Кейкі, батыр, халықтық, көтеріліс, азаматтық, ишан, соғыс, Амангелді, Иманов, Жыланшық, Жалаулы.

КЕЙКІ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ

Абсадық А.А.

Доктор филологических наук, профессор КГУ им. А. Байтұрсынова. Казахстан, г. Костанай.

Аннотация. *Введение.* Кейки (Нурмагамбет) Кокимбайұлы – один из героев национально-освободительного восстания 1916 года в Тургайской степи. Он был ближайшим соратником Амангелды Иманова, а также тесно общался со степным комиссаром Алиби Джангильдиным, внесшим особый вклад в установление советской власти в Тургае. Народная память помнит его глубоко как легендарного мергена, командовавший во время восстаний отряд снайперов. После Октябрьской революции 1917 года на территории Российской империи вспыхнула гражданская война. Кейки Кокембайұлы выступил против политики новой власти. Власть преследовала его. Он героически погиб от руки карательного отряда советской власти. Советская власть стремилась стереть это имя из памяти народа. Объявив его «бандитом», «грабителем», участником (главой) «шайки», она стремилась очернить имя и героизм Кейки батыра. Главной причиной тому стало то, что Кейки батыр во время начавшейся после большевистского переворота 1917 года гражданской войны выступил против нового правительства. Образ Кейки батыра, несмотря на припятствия классово-идеологией, сохранился в народных легендах, стихах

и художественных произведениях. Прославление славного героя началось после падения советской власти и обретения Казахстаном независимости. Опубликованы воспоминания очевидцев того времени и проведены документальные исследования о Кейки Кокембайулы. Статья подготовлена в рамках научно-просветительской экспедиции «Личности Великой степи: по следам Кейки батыра», организованной Управлением внутренней политики Костанайской области. Она направлена на анализ биографии и героических подвигов Кейки батыра, которые долгие годы в памяти народа и архивных источниках.

Ключевые слова: Кейки батыр, народное восстание, гражданская война, Аманкелди Иманов, Ахмет ишан, Жыланшык, Жалаулы.

KEIKI MERGEN: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES

Absadyk A.A.

Doctor of Philology, Professor of A. Baitursynov KSU. Kazakhstan, Qostanai.

Abstract. Introduction. Keiki (Nurmagambet) Kokimbayuly is one of the heroes of the 1916 national liberation uprising in the Turgai steppe. He was the closest associate of Amangeldy Imanov, and also closely communicated with the steppe commissar Alibi Dzhangildin, who made a special contribution to the establishment of Soviet power in Turgai. People's memory remembers him deeply as the legendary mergen, who commanded a detachment of snipers during the uprisings. After the October Revolution of 1917, a civil war broke out on the territory of the Russian Empire. Keiki Kokembayuly opposed the policy of the new government. Power pursued him. He died heroically at the hands of a punitive detachment of Soviet power. The Soviet government tried to erase this name from the memory of the people. Declaring him a «bandit», «robber», a member (head) of the «gang», she sought to denigrate the name and heroism of Keiki batyr. The main reason for this was that Keiki Batyr, during the civil war that began after the Bolshevik coup of 1917, opposed the new government. The image of Keiki batyr, despite the obstacles of class ideology, has been preserved in folk legends, poems and works of art. The glorification of the glorious hero began after the fall of Soviet power and Kazakhstan's independence. The memoirs of the people of that time were published and documentary research about Keiki Kokembayuly was carried out. The article was prepared within the framework of the scientific and educational expedition «Personalities of the Great Steppe: in the footsteps of Keiki batyr», organized by the Department of Internal Policy of the Kostanay region. It is aimed at analyzing the biography and heroic deeds of Keiki batyr, which have been in the memory of the people and archival sources for many years.

Keywords: Keiki batyr, popular uprising, civil war, Amankeldi Imanov, Akhmet Ishan, Zhylanshyk, Zhalauly.

Кіріспе

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қаһарманы, даңқты мерген Кейкі Көкембайұлының есімі сол кезден-ақ аңызға айналғанмен, кеңес үкіметі оның атын шығармауға тырысты. Амангелді Имановтың қандыкөйлек досы, Торғайда большевиктік билікті орнатуға ерекше күш салған «Дала комиссары» Әліби Жангелдинмен аралас-құралас болған Кейкі батырды «бандит», «қарақшы», «шайқа» деп қаралап, оның ерлігін елдің жадынан өшіруге ұмтылды. Оған басты себеп – 1917 жылғы «большевиктер бүлігінен» (Алаш зиялылары большевиктер бастаған Қазан көтерілісін «бүлік» деп атады) кейін басталған азаматтық соғыс кезінде Кейкі батырдың жаңа үкіметтің саясатына мойынұсынбай қарсы қару көтеріп қарсы шыққандығы еді. Сол себепті оның

есімін ел жадынан өшіруге, оны қаралауға бағытталған жұмыстар жүргізілді.. Кеңестік Қазақстандағы атақты әдебиеттанушы ғалым М. Қаратаев 1962 жылы Торғай даласымен шектесіп жатқан кенді Жезқазған өңірінде кеңес үкіметінің қалай орнағандығын құжаттарған негізделген деректік сипаттағы «Даладағы дабыл» атты публицистикалық роман жазады. Онда ол Кейкі Көкембайұлының көркем образын «елді тонған қарақшы», «бандит» ретінде суреттейді (Қаратаев, 1981: 400). Кейкі Көкембайұлына қатысты архивтік құжаттар да ұзақ уақыт «жабық» болды.

Кеңестік идеология Кейкі Көкембайұлының қаһармандық ерлік істерін дәріптеуге қанша тыйым салғанымен, халық жадында ол елдің азаттығы үшін күрескен тұлға ретінде сақталды. Оның ерлік істері халық аңыздарына, астарлап суреттелген көркем шығармаларға арқау болды. Кеңес дәуірінде Кейкінің ғұмырнамасы мен ерлік істері астарлап дәріптелген шығарманың бірі ретінде А.Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты повесін атауға болады (Нұрманов, 2005: 224). Повестің атуы да астарлап берілген. Мұндағы «құлан» бірнеше мағына береді. Біріншіден ол – Кейкінің руы, екіншіден, қазақ танымында құлан жануар – кең далада еркін жайлаған тұз тағысы. Жазушы осындай символдық атау арқылы Кейкінің еркін, азатшыл рухын бейнелеуге ұмтылады.

Елдің азаттығы, еркіндігі жолында құрбан болған Кейкі Көкембайұлының ғұмырнамасы мен қаһармандық істерін зерттеу жұмыстары Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жекелеген зерттеушілер мен өлкетанушылар тарапынан қозғау салына бастады. Ал 2016 жылы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай және 2017 жылы Кейкі Көкембайұлының денесінің елге оралуына байланысты аталмыш тақырып зерттеушілер тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болды.

Материалдар мен әдістер

Мақалаға 1917 жылы Қостанай облысы Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен жүзеге асқан «Ұлы Дала тұлғалары: Кейкі батыр ізімен» ғылыми-ағартушылық экспедициясы барысындағы жиналған ел естеліктері, мерзімдік басылымдарда, ғылыми конференцияларда жарияланған баяндама-мақалалар (Кейкі батыр (Нұрмағамбет Көкембайұлы): өмірі мен өлімінің тарихы, 2017:47; Кейкі батыр: елдік пен ерлік тағылымы, 2017:94), Кейкі Көкембайұлының ғұмырнамасы мен ерлік істерін баяндаған Ә. Қылышбайұлының «Құлан Қыпшақ Кейкі батырдан соң» (Қылышбайұлы, 1997: 193), Б.Әлмағамбеттің «Торғайдағы азаттық көтеріліс. Тарихи очерк, зерттеулер» (Әлмағамбет, 2000: 180 бет), М.Сүлейменнің «Кейкі Көкембайұлы» (Сүлеймен, 2017: 404 б.) сынды өлкетанушы зерттеушілердің еңбектері, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, Қостанай облыстық мемлекеттік архив, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивтерінің мұрағаттық деректері пайдаланылды. Зерттеу әдіс тәсілдерінетарих пен фольклортануда қалыптасқан негізгі қағидаттар басшылыққа алынды. Олардың қатарында тарихи-салыстырмалы әдіс, объективтілік, дәйектілік және нақтылық сынды әдіс-тәсілдер бар. Бұл зерттеу тұлғатану бағытында жүргізілді. Зерттеуде қарапайымнан күрделіге және жалқыдан жалпыға қарай саралау үйлесімділігі, зерттеу барысында үнемі туындайтын сұрақтар негізгі сұрақтарға жауап беру мәселелері қаперге алынды. Кейкі батыр туралы халықтық таным мен нақты тарихи фактілердің өзара байланысының негіздемесі микротарихтан макротарих кеңістігіне өту тұрғысынан қарастыру міндеті қойылып, ол зерттеу барысында жүзеге асты.

Талдау

Ұлы Далаға Торғайдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қаһармандарының бірі, азаматтық соғыстың құрбаны Кейкі мергеннің рухы қайта оралды. 1922 жылы Кеңес үкіметінің қолынан қаза тапқан Кейкі Көкембайұлының Ресей Федерациясының Санкт-Петербург

қаласындағы Кунскамерада сақталған бас сүйегі 2017 жылдың қыркүйек айында Торғай даласына жеткізіліп, батырдың туған жері Тасты елді мекенінің жанында арнайы соғылған жаңа мазарға, Отан үшін шейіт кеткен жауынгерлерге көрсетілетін құрметпен, сән-салтанатпен жерленді.

Құлан қыпшақ Кейкі мергеннің ерлік, батырлық ғұмыры басталғанға дейінгі балалық, жастық шағы Амантоғай елді мекенінен аса алыс емес Тасты өзенінің бойында өткен. Торғайлық ақсақалдардың айтуынша, ол сол маңдағы Байтума деген жерде дүниеге келген. Тастыға жақын жерде Найман тайпасының Бағаналы атасынан тарайтын Құтан әулиенің бейіті орналасқан. Бағаналы Наймандардың ата қонысы – Ұлытау. Халық жады батырдың жары Ақжан Найман руының қызы болған деседі. Кейкі батыр қаза болатын оқиғаны көзімен көріп, құлағымен естіген Жәкенқызы Бижамалдың естелігінде Жыланшық өзеніне құятын Жалаулы өзекшесінің бойында Сүтемгеннің Жәкенінің үйінде жазалаушы отрядтың қолынан қаза табар соңғы түнінде Кейкі батыр Ақжанды Ұлытаудағы аста кездестіріп, үйленгендігін әңгіме етті деген дерек сақталған (Әлмағамбет, 2000: 111). Қуғынға ұшыраған Кейкі мерген өмірінің соңғы кезеңінде Ұлытау аймағында күрес жүргізгенін ескерсек, аталмыш деректің шындыққа сай келетінін бағамдауға болады. Басына қиын іс түскен қысылтаяң уақытта ол өзінің қайын жұртын паналаған сынды.

Тасты өзенінің жанында Кейкі батырға салынған қос мазар бар. Бірі – ертеректе кеңес дәуірі тұсында Кейкінің ағайын ұрпақтары қорланған денесі жерге бөлек тапсырылып, бас сүйегі Ресей асып кеткен есіл ерге мұсылмандық нығмет негізіне сүйене отырып асарлатып тұрғызған, ішінде мәйіт жоқ, мүрдесіз көне мазар (1-сурет). Екіншісі – жаңа мавзолей (2-сурет).

1-сурет. Кейкінің көне мазары

2-сурет. Кейкінің жаңа мазары

Көне мазарды көтергендер – Кейкі мергеннің ұрпақтары. Оның қысқаша тарихы мынадай: еліміз тәуелсіздік алған 90-жылдары Кейкінің Санкт-Петербургте сақталған бас сүйегі туралы әңгіме шығысымен оның ұрпақтары батырдың түбінде елге оралатынын үміт етіп, Құлан Қыпшақтардың қыстаулық ата-мекені Тастыға кесене соғады. Мұны Кейкінің ұрпағы Арқалық қаласында журналистік қызмет атқарған марқұм Әбубәкір Қылышбайұлы атты азамат туған-туыстарының көмегімен жүзеге асырады. Өлкетанушы қаламгер бабасы Кейкі батыр туралы «Құлан Қыпшақ Кейкі батырдан соң» атты танымдық кітап та шығарады (Қылышбайұлы, 1997: 193).

Мазардың ішіне Жыланшық-Жалаулыдағы «Кейкінің қаны төгілген» жерден әкелінген топырақ пен батырдың ескерткіш-бюсті қойылып, ал мазардың сыртқы қабырғаларына батырдың қилы, ауыр тағдырынан хабар беретін мазмұнды, мағыналы жыр шумақтары жазылған белгітастар орнатылған. Онда Кейкінің еліне салауат (қоштасу) айтқан жыр жолдары қашалған. Салауатта батыр ел үшін бел буып күрескендігін, бірақ елдің өз ішінен шыққан жаудың кесірінен жапа шеккендігін, елдің болашағына алаңдайтындығын, қуғын-сүргінмен өткен өзінің ауыр тағдырын айтып налиды.

Атқа салдым терімді,
Бермедім жауға елімді.
Мұсылманнан жау шығып,
Сыңдырдың Алла белімді.
Айхай, аллай, аллаһу
Атқа салдым терлікті,
Дұшпанға қылдым ерлікті.
Мен кеткен соң жұртым – ай,
Көресің жаудан қорлықты.
Айхай, аллай, аллаһу

Атқа салдым сталды,
 Көтердің Алла дұшпанды.
 Естіген халқым дұға қыл,
 Кейкі батыр ұсталды.
 Айхай, аллай, аллаһу,
 Аққу ұшар көліне,
 Мекен еткен жеріне.
 Ен далаға сыймастай,
 Мен не қылдым, еліме?
 Айхай, аллай, аллаһу,
 Үйдің іші мүкәммал,
 Мүкәммалға көзің сал.
 Аңдамай түстім алдауға,
 Не болады біздің хал.
 Айхай, аллай, аллаһу,
 Атқа салдым құйысқан,
 Судай ақты қызыл қан,
 Іс насырға айналды,
 Не болады шыбын жан?
 Айхай, аллай, аллаһу.

Ал Мазардың алдыңғы қабырғасындағы мәрмәр тасқа: «Сұлтан қайда сүйегін қорлатпайтын //Өлі-тірі аруақты сорлатпайтын// Халқы үшін қор болған қайран// Кейкі, көрі де жоқ, соны ойлап жай таппаймын», - деп аяқталатын Әубәкір Қылышбайұлы Кейкі батырдың тарихи тағдырына налып шығарған екі ауыз өлеңі жазылған (Әбсадық, 2017: 34).

Кейкі батыр ұрпақтарының айтуынша, Ә.Қылышбайұлы мазар соғу мақсатын жүзеге асыру үшін Арқалықтан Тастыға көшіп келіп, «Кейкі батыр» атты жеке шаруашылық құрады. Әубәкір ағамыз марқұм болып кеткенімен, оның кенже ұлы Ерназар Әубәкірұлы мазардың маңындағы елді мекенде шаруашылық істерін жалғастырып отыр екен. Экспедиция мүшелері Ерназармен бір-екі ауыз тілдестік. «Әкемнің арманы орындалды, бабамыз Кейкінің бас сүйегі Тастыға оралып, мына соғылып жатқан жаңа мазарға қойылады. «Шүкіршілік» дейміз. Жаңа мазарға батырдың денесі берілгеннен кейін, балаларымның оқуы үшін Арқалыққа қайта көшемін», - дейді Ерназар.

Екінші мазар – Кейкінің елге оралған бас сүйегін жерлеу мақсатында салынған сәулетті кешен. Қызыл әскердің жазалаушылар отряды қолынан қаза тапқан Кейкінің сүйегі кезінде жерге арулап берілмесе де, кіндік қаны тамған Тасты өңірінде бас сүйек жерленетін мазар қалың әлеуметтің қолдауы, елдің ықыласы арқылы іске асты. Кеңес дәуіріндегі көне кесене жекелеген тұлғалардың бастамасымен және Кейкі батырдың ағайын-туғандарының көмегімен салынса, жаңа кесенені Қазақ елі тұтас бірігіп, көтерді. Жаңа кесененің биіктігі 15 метрге жуықтайды. 16 бағанадан тұратын, алды төрт бұрышты, артқы жағы дөңгелек пішінді күмбезі батырлардың дулығысын бейнелейтін ғимарат. Он алты бағана – көтеріліс болған 1916 жылдың рәмізі. Кешеннің архитекторы – белгілі сәулетші Бек Ыбыраев.

Нәтижелері

1916 жылғы Торғай көтерілісінің даңқты қаһарманы Кейкі мерген - тағдыры трагедиялық хәлде аяқталған тұлға. Ол патша заманында отаршылдық саясаттың зорлық-зомбылығына қарсы күресіп, Амангелді батырмен бірге халықты көтеріліске шақырып, оны ұйымдастырады. Әділеттің ақ туын, халықтың мұң-зарын арқалаған, азаттықтың арман-аңсарын мұрат еткен

көтерілістің жеңісті де, қиын-қыстау сәттерін де, азабы мен ауыртпалығын да, бейнетін де тартады. Патша құлап, билікке большевиктер келгенде Кейкінің бағы Амангелді батырдың абыройындай артуы тиіс еді. Өкінішке қарай, бұйымыс пен адами факторға жіпсіз байланатын тағдыр тәлкегі керісінше қалыптасты. Кешегі батыр Кейкі, даңқты мерген Кейкі «қарақшы», «бандит» атанып, қуғын-сүргінге ұшырайды. Бұл – бір.

Екіншіден, қаза тапқаннан кейін мүрдесі қорланып, басы шабылып, туған жерінен тыс өлкеге жөнелтіледі. Басы бөлек мүрденің қай жерге де жерленгені бүгінгі күнге дейін белгісіз.

Үшіншіден, бір кісіге арақашықтығы әрі кеткенде 500 метр болатын жерде екі кесене соғылды. Бұл - күні кешеге дейін Кеңес үкіметінің құрылу кезінде орын алған азаматтық соғыстың жарасы ел санасында әлі де болса орын алып келгендігін бейнелейтін рәміз.

Ел ақсақалдары Кейкі батырдың ерлікке һәм трагедиялық өкінішке толы тағдырын былайша пайымдайды:

1. Амангелді мен Кейкі – көтерілістің басшылары. Оларды бөліп-жармай, о бастан бірге дәріптеу қажет еді. Өкінішке қарай, кеңестік солақай саясат бірін дәріптеп асқақтатты, екіншісін қор етіп қаралады;

2. Кейкі батыр қазақ ауылдарына зорлық еткен, тізесін батырғандарға оларды «ақ» немесе «қызыл» демей, қаруын кезеген, жазаға тартқан. Сол үшін «бандит», «қарақшы», «басбұзар» атанып, елден жырақ жүрген;

3. 1916 жылға көтерілістің алғашқы ұшқыны арғын рулары жайлайтын Тосын болысынан басталып, содан кейін Батпаққара қыпшақтарының қолдауына ие болған.

4. Кейкі – көзі тірісінде аңызға айналған тұлға. Оның ел-жұртына деген жанқиярлығы халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, түрлі нұсқадағы көптеген аңыз әңгімелер туындаған. Тіпті, көне көз қариялар аузынан айтылған кейбір аңыздарда «Кейкі өлмеген, жазалаушы отрядтың өлтіргені батырдың інісі екен, иншалла, батыр елге оралады» деп те айтылып келіпті.

5. Мерген ұрпақтарының күшімен соғылған Тастыдағы бос мазар - Кейкі іздеген жұрттың аңсары. Халықтық наным-сенім таным бойынша, шаһид кеткен кісінің кіндік қаны тамған туған жері – оның қаза болып рухқа айналғаннан кейінгі қайта оралатын кеңістігі. Сондықтан оның туған жерінде кесене бой көтерілуі тиіс еді. Кейкі ұрпақтары сол парызды атқарды.

Кейкі Көкембайұлының есімін кеңес дәуірі тұсында атауға болмайтын еді. Мылтықсыз майдан-идеология саласындағы қиын-қыстау кезеңде батырдың есімін есте қалдыру мақсатында Торғай өңірінен шыққан қазақ зиялылары Кейкінің есімін көркем шығармалар арқылы сақтауға ұмтылады. Сондай көркем туындының бірі әрі бірегейі – жазушы Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романы (Нұрманов, 2005:224). Жерлестері жазушының кеңес заманындағы Кейкі есімін ардақтауға қоқан үлесін бағалап, авторға Амангелді кентінде арнайы ескерткіш, ал роман-кітапқа белгі қойған. Белгілі бір туынды кітапқа белгі қою әлемде бар үрдіс болғанымен, Қазақстанда сирек кездесетін құбылыс. Амангелді кентіндегі белгі Қазақстанда тәуелсіздіктен кейін орын ала бастаған дәстүрдің ең алғашқысы болса керек.

Патша құлап, билікке большевиктер келгенде Кейкінің бағы Амангелді батырдың абыройындай артуы тиіс еді. Өкінішке қарай, тағдыр тәлкегі керісінше қалыптасты. Кейкі батыр аумалы төкпелі заманда қазақ даласындағы зорлық зомбылықпен күреседі. 1917 жылғы қазан төңкерісі арқылы билікке келген большевиктер Торғай даласына «еркіндік», «азаттық», «халық билігі» деген сынды ұрандармен келіп, жаңа кеңестік билікті орната бастайды. Ұлт-азаттық көтеріліс кезінде осындай ниетпен қару алған Кейкі Көкембайұлына алғашқыда кеңестік биліктің аталмыш мақсаты ұнайды. Бірақ көп ұзамай кеңестік үкімет Кейкі күткен үмітті ақтамайтыны белгілі болады. Қарулы күшпен, зорлық-зомбылықпен орнаған жаңа үкімет бай мен кедейді бір-біріне қарсы қойып, тап күресін күшейтті. Экономика күйреп, елдің әлеуметтік жағдайы күрт

төмендеді, алым-салық күшейді. 1920-21 жылдары Қостанай-Торғай өңіріне аштық ауыз салды. Айталық, 1922 жылдың 15-28 ақпан аралығындағы Қостанай губерниялық төтенше комиссиясының екіапталық ақпараттық мәліметінде аштық туралы мынадай жазбалар орын алған. «Состояние населения Костанайской губернии, как указывалось в предыдущих сводках, кошмарное, подавленное и высшей степени смутное. Царь голод, разгуливающей во всей губернии, охватывающий своей костлявой рукой и уносящий в могилу все большее и большее количество населения, отнимающий инициативу и желание к жизни и работе, является всему причиной» (Қостанай облыстық мемлекеттік архиві (КОМА). 24-қ., 1-т., 112-іс, 34-п.)

Азаматтық соғыс, оның артынша шыққан ашаршылық жаңа құрылған кеңес үкіметіне, большевиктер партиясына деген халықтың сенімі жойыла бастайды. Сол кездегі мұрағат деректері мұны айғақтайды. Мысалы, Қостанай облыстық архивінің 1921-1922 жылдардағы мұрағаттық деректерінде, атап айтқанда, Қостанай губерниялық төтенше комиссиясының екіапталық ақпараттық мәліметтерінің құрылымдық мазмұнында арнайы айшық беріліп, онда жергілікті жер тұрғындарының кеңес үкіметіне, компартияға көзқарасы туралы міндетті түрде ақпар беріп отырылған. Сонда Қостанай губерниясының аудандарының солтүстігінде тұрғындардың билікке көзқарасы көбіне «бей-жай» деген сипатта болса, оңтүстікке қарай «жақтырмайды» деген сипаттамалар орын алады. Ал Торғай ауданына қатысты ақпараттарда кеңестік билікке «көзқарастары жаман, қарсы (враждебно)» деген мәліметтер жиі кездеседі.

Елдің ауыр жағдайы Кейкі мергенді тағы бей-жай қалдырмайды. Ол жаңа үкіметке қарсы қару алып, қарсылық көрсетуге бел буады. Оның «Ақ орыс, сары орыс – бәрі бір орыс» деп, қару кезенетін тұсы да осы кез болса керек. Себебі елге келген қиыншылықты ол большевиктер билігінен (сары орыс) туындаған нәубет деп түсінеді.

Атбасар уезінің Төтенше жағдай бойынша комиссия төрағасы Ф.Калюта 1967 жылы Қазақ ССР милициясының құрылғанына 50 жыл толуына орай шығарылған «Синие шинели» атты жинақтағы өз естелігінде былай деп жазады: «Весной 1920 года на юге уезда появилась вооруженная банда Кийке, организованная баями и алаш-ордынцами. Основная цель ее была — сорвать продовольственные мероприятия Советской власти. Бандиты нападали на продотряды, убивали советских работников, терроризовали крестьян. Рабочие Карсакпайского завода и крестьяне сообщили о местонахождении банды, ее численности, вооружении. Для уничтожения банды был послан отряд атбасарской милиции под командованием Мазутова. Отряд успешно справился со своей задачей» (Калюта, 1967)

1921 жылдың жаз айында Сарытоғай өзенінің бойында Кейкі батырдың қызыл әскер отрядымен үлкен қанды қақтығысы орын алады. Қақтығыстан жеңілген Кейкі бастаған қарулы топ көршілес Атбасар уезіне қарасты Ұлытау-Сарысу бойына қарай ығысады. Кеңес саясатынан күдерін үзген Кейкі Көкембайұлы Ұлытауда бой тасалай жүріп, жаңа үкіметке қарсылықты 1916 жылғы көтерілістегі тәжірибесіне және қазақтың елдігінің белгісі ретіндегі хан сайлау дәстүрін сүйене жүргізбек болады. Ол өз әскеріне хан сайлап, кеңес үкіметіне қарсы ашық майданға шығады. Кейкі батыр туралы зерттеу жазған тарихшылардың ел аузындағы деректерге сүйеніп түйіндеген пайымдарында Ұлытауды жайлайтын «төрт босаға Бағаналылардың» бірі атанған атақты Бабырдың немересі Құлсейітті өз әскеріне хан сайлайды (Бекмағамбетов 2016: 6).

Атбасар уезіне қарайтын Ұлытау өңірінде де кеңес саясатына қарсы елдің наразылығы өршіп тұрғандықтан, Кейкінің осы жаққа өтуі кеңес үкіметінің үрейін тудырады. Оның әрекеті ел арасында толқу тудыру мүмкіндігін пайымдаған кеңестік үкімет Атбасар уездік парткомитетінің мәжілісінде қалыптасқан жағдайды арнайы көтеріп, дабыл қағады (Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚРПА). 139-қ., 1-т., 80-іс, 34-п.).

Кейкі мерген халықтың танымында хан ордасы болып орныққан Ұлытауда күш, қол жинап, Торғайды кеңестік үкіметтен азат етуді мақсат етеді. Бұл ойымыздың ұзын сонарына арқау болып

отырған деректі Торғайдағы әскери бөлімнің 1922 жылдың қаңтар айының ортасында Қостанай губкомына жіберген ақпарат мазмұнынан бағамдай аламыз. Онда былай делінген: «Басбұзар бұзық Кейкі Кәкімбайұлы көктемде Торғайға шабуыл жасап, қаланы біздерден тартып алмақшы. Желтоқсан айында (1921ж. -автор) біздің 3 милиционерден тұратын барлаушы тобын тұтқындап, қару-жарақтарын, ат-әбзелдерін өздерімен алып кетіп, Перовский (Ақмешіт) оязында жасырынып жүр» (ҚОМА. 24-к., 1-т., 112-іс, 5-п.)

Атбасарлық кеңес үкіметі Кейкінің халық жасағымен күресу үшін уездік ревкомның бар күшін жұмылдырады. Сол уақытта, яғни 1921 жылдың шілде айының басында Кейкі бастаған қарулы топ Қарсақпай милициясының кеңсесіне шабуыл жасайды, онда орын алған қарулы қақтығыстан бірнеше кеңестік милиционерлер қаза табады. Көтерісшілер уақытша Қарсақпай маңындағы кен орындарына бақылау орнатады. Кеңес үкіметінің қаһарына іліккен Кейкіні жою үшін 1921 жылы 28 шілдеде Атбасарда құрамында 438 адамы бар үлкен әскери отряд жасақталады. Ол әскер Атбасар уездік милиция басшысы И.Плескачтың басшылығымен Кейкімен күресуге аттанады.

И.Плескач басқарған қызылдардың қалың әскерімен Ұлытау маңында кездескен Кейкі жасағы жеңіліп, оңтүстікке қарай шегінеді. Шегінген жасақты інделетіп отырып соғысу үшін сол жылдың күз айында, яғни 1921 жылдың 20 қазанында Атбасардан И.Исайкин деген кісінің басшылығымен қалың әскер шығып, көтерілісшілердің соңынан қуады. Бірақ күздің қара суығы түсуіне байланысты олар кері қайтуға мәжбүр болады (ҚРПА. 811-к., 1-т., 26-іс, 16-17 пп.)

Кейкі енді Сарысудың бойын жағалап, Телікөлге қарай бет алады. Бұл турасында сол кездегі деректер былай деп көрсетеді: «После разгрома отряда Кейки скрылся и оказался в районе озера Телегуль, около Кызыл-Орды, где опять собрал отряд до 350 человек. Расположившая по дороге Карсақпай-Кызыл-Орды Кейки начал грабить всех проезжающих». Бұдан әрі жазба дерек көздері Кейкінің бағаналы Найман руының сыйлы адамы Ахмет ишан Оразаевтың ауылына жақын маңдағы Шұбартөбе деген жерге барып паналағанын жазады (ҚРПА. 811-к., 1-т., 26-іс, 108-п.)

Кейкіге Торғайға оралуға мүмкіндік жоқ болатын. Себебі 1921 жылы Торғай шаһарында кеңес үкіметін құруға көмектесетін, яғни төтенше жағдайлармен күресетін арнайы отряд (ЧОН) құрылып, ол сол өңірді тікелей әскери бақылауға алады. Бағаналы Наймандар өзінің қайын жұрты болғандықтан, мерген сол маңда болып кеңестік билікке қарсы күресуді ойлайды.

Ахмет ишанның ауылының маңында жүрген Кейкіні қолға түсіру үшін әскерилер құпия тұзақ құрады. Ахмет ишанның беделін пайдалана отырып, оған Ә.Жангелдин атынан хат дайындалады. Онда батырдың кеңес үкіметіне жасаған бар күнәсі кешіріліп, оған Торғайда қызмет берілетіндігі жазылады. Батырға хатты Ахмет ишан тапсыратын болады. Тұзақты құру мерзімі ретінде 1922 жылдың наурыз айы жоспарланады (ҚРПА. 811-к., 1-т., 26-іс, 124-п.)

Қызылдардың әрекеті батыр тарапынан күдік тудырмасы үшін дін жолындағы тақуа, адал кісі Ахмет ишанның үйі таңдалады. Бұл тұста Кейкінің діндарлығы да ескерілсе керек. Алаш жұртында үлкен беделге ие Ахмет ишан келіссөз жүргізген тараптардың адалдығына куә болатын үшінші тарап ретінде таңдалған болуы да ғажап емес.

М.Қаратаевтың «Даладағы дабыл» атты құжаттық деректемелерге сүйеніп жазылған публицистикалық романында Кейкіні ұстауға Ахмет ишан мен оның баласы Мұстафа қатысқаны көркем мазмұнда жазылған. Онда Кейкіге хат жазушы кісі - Ахмет ишан. Көркем роман бұл оқиғаны былайша суреттейді: «Кейкі Көкембаевты оп-оңай ұстай алмаймыз. Оны орға алдап әкеліп түсіру керек, тез қоршап, торауылмен алу жөн, - деді Мұстафа әрбір сөзін салмақтай сөйлеп.

- Торауыл дейсіз бе, ол қалайша болмақ? - деді бірнеше кісі қайталап сұрап.

- Кейкінің қазіргі алған әйелі, - деді Мұстафа, - біздің Телікөлдің қызы. Сол қайын жұртын меже етіп, менің әкем шақырса ғана келуі мүмкін. Басқа лаж жоқ. Ол бүгінде мылтық дауысын

естіген көкжал секілді – оңай алдырмайды... Түскі тамақ кезінде Шахметтің (Ахмет ишан - автор) үйінде құпия мәжіліс болды. Ұзақ таласып, қызу талқыланған мәселе ақыры Шахметтің жоспарын қабылдаумен тынды. Ғажабы сол: ақыры осы жоспар дұрысқа шықты. Телікөлде Қиқым ауылында жиын болады. Шахмет Кейкіге хат жазып кісі жібереді, Кейкіге үлкен әскери қызмет беруге Торғай мен Атбасар үкіметі өкілдерінің келгенін айтып, оның да келуін сұрайды. Егер аңғалду Кейкі осы айлаға сенсе болды, онда ол сөзсіз қолға түседі» (Қаратаев, 1981: 230-231).

1922 жылдың 6 наурызында Торғайдан Қостанай оязының праткомына шағын анықтама ақпарат жіберіледі. Оны Қостанай оязының праткомы 16 наурызда талқылайды. Анықтама мазмұны мынадай: «Басбұзар Кейкі Кәкімбаев біздерге келді (Торғай өңіріндегі сол кездегі Кеңес үкіметін құруға көмектесіп жүрген арнайы әскери бөлімге - автор). Біздер оған рақымшылық жасадық, болған істің бәрін кешірдік. Сондықтан сіз біздің әскери бөлімге қосылып бірге Торғай қаласына барайық дедік» (Жақып, 2017: 31). Бұл ақпарат, шамасы, А.Токаревтің шағын отрядының Кейкімен келіссөздер жүргізіп жатқан кезеңінен хабар беретін секілді. Ақпарат әскери құрылымға емес, партия комитетіне берілгендіктен, онда Кейкіге қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстардың жалпы нобайымен хабардар ету көзделгені байқалады.

Торғайдан арнайы келген А.Токаревтің 11 адамдық шағын бөлімшесіне (ҚОМА. 24-қ., 1-т., 112-іс, 75-п. (айн)) Қарсақпайдан С.Мазғұтов бастаған қызыл әскер қосылады. Қызыл әскерлер тобы ишан ауылының маңына жасырылады. А.Токарев және С.Мағзұтовтармен келіссөз жүргізу үшін Ахмет ишан үйіне келген жерінде Кейкі батыр қапыда қолға түседі. «Операция прошла удачно. На месте расстреляны основные виновники его отряда, а остальные распушены по домам. Товарищи Токарев и Магсутов решили Кейку и его брата доставить в Тургай» (ҚР ПА. 811-қ., 1-т., 26-іс, 124-п.), - деп жазылған куәгерлер деректерінің бірінде.

Тұтқынға түскен батырды, оның жары Ақжанды және інісі Түскенді Торғайға жеткізуді А.Токарев мойына алып, Мағзұтов Қарсақпайға қайтады. А.Токарев Торғайға Арал Қарақұмы, Бірғыз даласы арқылы жетуді көздейді. Бұған бірнеше жағдай себеп болған секілді:

Біріншіден, Арал, Бірғыз үстімен Торғайға бару – төте жол;

Екіншіден, наурыз айында қыс ызғары қайта қоймаған Ұлытау жақпен Торғайға қарай асу қиындық тудыратыны анық еді;

Үшіншіден, Арал, Бірғыз өлкесінде қалыптасқан көш жолы бар және ол өлкелер қазақ руларының қыстауы. Әскерилер тұтқын Кейкіні сол қыстаулар арқылы алып өтіп, үкіметке қарсы шыққандардың күні осындай болады деген сес көрсеткісі келген болуы да мүмкін.

Кейкінің аман қалған (Кейкі Ахмет үйіне аз жасақпен барған болса керек) сарбаздары батырды құтқарып алу үшін А.Токаревтің артынан жасырын еріп отырады. Ұзақ жолдың ыңғайы келген тұсында Кейкі сарбаздары А.Токарев отрядына тұтқиылдан шабуыл жасап, қызыләскер басшысын тұтқындап, Кейкіні босатып алады.

Бұл оқиғаның негізгі нобайы Қостанай губштабының бастығы Чернышевтің Орынборға 1922 жылдың 18 наурызында жөнелткен жеделхатында былайша баяндалған: «18.03.22 г. начальник отряда Токарев, следовавший впереди отряда вместе сопровождающим его милиционером района ауле Муршибай ...наскочил засаду бандита Кукумбаева числ. 14 чел., который был обезоружен и увезен в неизвестном направлении. Банда Кукумбаева имела целью захватить отряд Токарева и освободить банду Кейка» (Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОМА. 66-қ., 1-т., 53-іс, 116-п.)

Кейкіні ұстау операциясына тікелей қатысы бар Торғайдағы ЧОН взводының командирі Стукаанның 1922 жылдың 19-наурызында Қостанайға жолдаған №056 жеделхатында көтерілісшілердің Кейкіні босатып алып кеткенін растайды(ҚР ОМА. 66-қ., 1-т., 53-іс, 203-п.) Осы оқиғадан соң ол өзі «Сарыжапалақ» (Сүлеймен, 2017: 209). деп атаған, көзі таныс А.Токаревтің ісін сатқындыққа бағалап, оны атып өлтіреді.

Кейкіні ұстауға қатысты қимыл-әрекеттің құпия болғандығы әскерилердің Қостанай губерниясының мемлекеттік саяси басқармасына жіберіліп отырған ақпараттардың мазмұнынан байқалады. Мұнда Кейкіге қарсы әскери қимыл-әрекеттің барысы баяндалмай, болған оқиғаның жалпы мазмұны ғана айтылады. Аталмыш ақпарат туралы мұндай қорытынды жасау оның мазмұнындағы Ахмет ишанның аты, Ә.Жангелдиннің хаты, Қарсақпайдан шыққан Мағзұтов отряды туралы деректердің берілмеуі және Кейкі туралы бұрыннан белгілі жағдайды қайталау сияқты көріністермен түсіндіруге болады.

Ақпараттың мазмұны мынадай: «Торғай өңірінде 21 адамнан топтасқан басбұзар бұзық Кейкі Кәкімбаев бар. Торғайдан 11 адамнан тұратын арнайы қарулы жасақты басқарып Токарев «басбұзарларға» қарсы шығып оларға күш көрсетпей «Беріліңдер, сонда сіздерге бостандық беріледі», - дейді. Сәл кідірістен кейін «басбұзарлар» алғашында келісім беріп, кейін ол уәделерінен тайып тұрады. Сол уақытта Атбасарға бара жатқан бір қарулы жасақ Токаревтерге қосылып, Кейкі тобына лап қояды. Кейкі сол жерде қолға түседі. Кейкіні Токарев тұтқындап, жанына бір милиционерін ертіп, жасақтар бара жатқан жолдан алшақ ізбен Торғай жаққа бет алады. Жолда түн мезгілінде ұйқыға жайласқан соң Кейкі есебін тауып, Токаревті өлтіріп, милиционерді тұтқындап, өзімен бірге алып қашады» (ҚОМА. 24-қ., 1-т., 112-іс, 85-85 пп. (айн)).

Қостанай губштабының бастығы Чернышевтің жеделхатындағы «ауыл Муршибай» деген дерек Торғай оязының әскери комиссары қызметін атқарған Мұхамедияровтың 1922 жылдың 9 мамыр айында, яғни Кейкі өлімінен кейін 1,5 ай өткеннен кейін жазылған «Қостанай губерниясы Торғай оязының бүгінгі жағдайы» деген баяндамасында айқындалады. Онда былай делінген: «Тұтқынға алынған Токарев Александр Перовск (Ақ мешіті) оязының Қарақоға болысының Доңыз деген жерінде Нұршабаев Абдулхалықтың үйінде Кейкінің қолынан қаза тапты» (Жақып, 2017: 32).

Бұл жерде Қарақоға болысы Торғай уезінде болғанын, сонымен қатар Ырғызда осындай жер атауы барын мұқият ескеруіміз қажет. Торғай өңірінің тарихынан жазба және ауызша деректер арқылы терең хабары бар, өлкетанушы, журналист Қабылахат Сейдахметтің айтуынша, Нұршабайдың Әбдіхалыққы Ақкөл жақтағы Аралбай мен Шуақбай маңын жайлаған. Кейін Ақтөбе жағына көшіп кеткен. Ұрпақтарының бар-жоғы белгісіз.

А. Токаревтің Кейкі батыр қолынан қаза табуы туралы хабар жан-жаққа таратылып, Торғайдағы ЧОН әскерінің взвод командирі Стукаанның өзі бастап, көтерілісшілердің соңына түседі. Стукаан взводты бірнеше бөлімшеге бөліп, батырдың бас сауғалап қашатын бағыттарына қарай аттандырады.

Ал Кейкі Жыланшық өзеніне қарай қашқан еді. 1922 жылдың наурыз айының соңына таман Жыланшық өзеніне құятын Жалаулы атты өзекеңнің бойында Стукаан взводының бөлім командирі М.Дудиннің жазалаушы отряды Кейкінің өз ағайыны Сүтемгеннің Жәкені деген кісінің үйіне отбасымен қонып жатқан жерінде қоршап алып, оған шабуыл жасайды. Кейкі жалғыз өзі жаумен атысып, жанталаса қарсылық көрсетеді. Атыс-шабыстың кезінде Кейкіге оқ тиіп, қайтыс болады. Жазалаушы отряд Кейкінің жары Ақжанның ішін жарып, інісі Түскенді айуандықпен өлтіреді.

Торғай уезінің әскери комиссары міндетін атқарған Мұхамедияров Дудин отряды Кейкіні Перовск қаласынан 170-190 шақырым жерде өлтірілді деген хабарды жазады (Жақып, 2017: 32). Қазіргі зерттеушілерге таныс тағы бір құжат ЧОН командирі Стукаанның Кейкінің өлтірілгені туралы Қостанай губштабына жіберген № 084 жеделхаты: «29.03.22 г. бандит Кейка пойман отрядом под командированием отд. командиром тов. Дудина 200 верст от Тургая, растрелен на месте и с ним человек бандитов пять».

Кейкінің өлгендігінің дәлелі ретінде батырдың басы кесіліп, жазалаушы отрядпен Торғайға жеткізіледі. «...в доказательство, что Кейка был убит, отрублена голова и доставлена в Тургай»

деп жазады сол кездегі жазба дерек көздері. Осы оқиғаның куәгерлерінің бірі С Исаков деген кісінің естелігінде қанды оқиға былайша суреттеледі: «Кейкінің басын қанжығасына байлап М.Сафарғалиев қалаға кіргенде жұрт таңырқап көруге барды. Бас көше шамына байлаулы тұрды кешке дейін. Оны ілу себебі кеңес үкіметіне қарсы шыққандарға осындай өлім деп айбар етілді» (ҚРПА. 811-қ., 1-т., 26-іс, 27-п.)

Жоғарыда әскери қимыл-әрекеттің барысын баяндайтын архивтік деректер мен Қостанай губерниясының мемлекеттік саяси басқармасына жолданған ақпараттың мазмұнын салыстырғанда мынадай ерекшеліктер бар екені аңғарылады:

Саяси басқармаға жіберілген хабарламаның бірінде: «Торғай өңірінде он бір, енді бірде 21 адамнан топтасқан басбұзар бұзық Кейкі Кәкімбаев бар» десе, әскерилер оның: «350 адамнан құралған жасағы бар және Телікөл маңында дейді»;

Қостанай губерниясына жіберілген енді бір ақпарда Кейкіні ұстауға 11 адамнан тұратын Токарев отряды аттанғаны айтылады да, Атбасардан 400 астам адамы бар отрядтың аттанғаны, Қарсақпайдан шыққан С.Мазғұтовтың 30 адамнан тұратын арнайы отряды туралы ақпараттар жоқ;

Саяси басқармаға әскерилер Кейкіні тұтқындап, Торғайға бет алған А.Токаревке Кейкі мерген жақтастарының жасаған шабуылы туралы айтпайды, керісінше, Кейкі амалын тауып Токаревті өлтірді деп хабарлайды;

А.Токаревтің Кейкі қолынан қаза тапқаны туралы хабардан кейін Торғайдан іле-шала шыққан М.Дудин әскері Кейкіні Перовск қаласынан 170-190 шақырым қашықтағы жерде мергенді өлтірді дейді. Бұл ақпаратты әлі де мұқият зерделеу қажет.

Біріншіден, Перовскіден (Ақмешіттен) мұндай ара қашық шамамын қазіргі Жосалы станциясының маңы. Екіншіден, Кейкі Жыланшыққа қарай қашқан. Өккі, жырынды Кейкі жықпыл-жықпыл Жыланшыққа жасырынып, Ұлытау асып кетпек болған секілді. Жыланшық пен Торғай арасы төтелеп салғанда, осыншама жер. Үшіншіден, Жыланшық Кейкінің өте жақсы білетін өңірі және оның бойында батырдың аталас туғандары тұратын. Кейкі соларды паналап, бой жасырмақ болған. Бұл орайда оның өз жақыны Асқар Қарабайұлын А. Денисовке елшілікке жібергенін еске алайық (Сүлеймен, 2017: 201).

Кейкінің соңғы күндерінің хонологиясын жазба деректер арқылы қалпына келтіргенде мынадай көріністерге тап болдық. Кеңес үкіметі Кейкіні үш жақтан қысқан. Бірі – Торғай, екіншісі – Атбасар, үшіншісі - Қарсақпай.

1922 жылдың наурыз айында басталған әскери операция бір айға созылып, наурыз айының соңында Кейкінің қазасымен аяқталады. Осы аралықта, яғни Кейкі батыр шын мәнінде Телікөлде тұтқындалған болса, онда ол шамамен 1000 шақырымдай жерді ат үстінде өткізген (4- сурет).

3-сурет. Кейкі батырдың қазасы: хронологиялық деректемелерге сүйенген карта

А.Токаревтің Кейкі қолынан қаза табуы Торғайдың іргесінде емес (30 шақырым), бұрынғы Торғай уезінің Қарақоға болысындағы Нұршабайдың Әбдіхалқының қыстауында болса керек. Бай кісі Әбдіхалық Торғайды «жазда - жайлауы», Ырғызды «қыста - қыстауы» етуі әбден мүмкін.

Кейкіні ұстау үшін А.Токаревтің әскеріне Қайдауыл мен Қызылжыңғыл болысының шекарасында қосылған чекист А.Денисовтің естелігінде «азғырғанға көніп», қапыда қолға түскен Кейкімен төрт күн бірге болғанын, бесінші күні, Торғайға 100 шақырымдай жер қалғанда А. Токарев қасына Кейкі мен оның әйелін және інісін алып ең жақсы аттармен аттанып кеткені баяндалған (Сүлеймен, 2017: 208-209).

Біздіңше, олар төрт күн аралығыда Телікөл мен Ырғыз даласының арасын жүріп өтсе керек. Ал Ырғыз бен Торғай бекінісі арасында патша заманынан телеграф байланысының орнатылғанын ескерсек, Токаревтің қайтыс болуы Торғайға сол күні жеткен деп есептеуге болады. Сондықтан Торғайдағы ЧОН-ның взвод командирі Стуқан жедел жазалаушы отрядты ұйымдастырып,

Кейкіні көп ұзатпай Жыланшықта болған шайқаста атып өлтіріп, мергеннің басын ежелгі дәуірлерде соғыста жеңген жеңімпаздардың мақтанышы, белгісі ретінде саналатын сыйлық-трофей етіп шауып алады.

Өлкетанушы Ә. Бөгетбайдың Бибіжамал Жәкенқызынан Кейкінің қазасы туралы баяндалатын естелігінде айтылатын мергеннің жанында «әйелі Ақжан, інісі Шәукен, Қарақұмнан бірге келген үш жігіт: Уәли, Жақыбай, Жақып – Сазан руынан, тұтқынға алынған екі орыс жігіті. Барлығы 8 адам, қос ат, қос қоржыннан» (Әлмағамбет, 2000: 111) деген мәліметтегі «Қарақұмнан бірге келген үш жігіт» . деген ақпар – Кейкінің оқиға алдында Қарақұм (Ырғыз-Арал) жақта болғанынан хабар береді.

Қорытынды

Көп жылдар бойы бас сүйегі жат елде болған, кеңестік идеологияның кесірінен атын атауға тыйым салынған халық батырының туған елімен қайта қауышуы – ұлт рухының қайта жаңғыруы. Тәуелсіз еліміздің мұраты мен ұлт тарихы үшін де маңызы зор болған аталмыш келелі оқиғаның жүзеге асуына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламаның шапағаты тигені анық.

Кейкі Көкембайұлы патша заманында отаршылдық саясаттың зорлық-зомбылығына қарсы Амангелді батырмен бірге қолына қару алып күреседі, от-су кешіп бейнет тартады. Патша құлап, халық армандаған азаттық таңы атты деп қуанған тұста большевиктер билікке қарудың күшімен келіп, оның ақырында Ресей империясының астаң-кестені шығады, бір-біріне қару кезеген азаматтық соғыс өрті тұтанады. Ол өрт империяның бір бөлігі Қазақ даласын да шарпиды. Большевиктер сынды патшаны қарсы болған Кейкі Көкембайұлы енді солардың қаһарына ұшырап, қуғындалады. Ал тарихи әділет қисынына келсек, патша құлап, билікке большевиктер келгенде Кейкінің бағы Амангелді және Жангелдин сынды күрескерлердің атақ-абыройындай артуы тиіс еді. Бірақ тағдыр тәлкегі Кейкі үшін керісінше қалыптасты. Күрестің бейнетін тарқанмен зейнетін көре алмады, қаһармандық танытқанмен тағдыры трагедиялық күйде аяқталды. Батырдың есімінің елге оралуы да ұзақ жолдан өтті. Кейкі тағдырына қатысты бұл көрініс халық таныған қаһарманның атақ-абыройы ел ішіне кеш оралатынына тағы бір мысал.

Түйіндей келгенде, Кейкі мергеннің өмір сүрген заманы, батырдың ғұмырнамасы мен ерлік істеріне қатысты ғылыми зерттеулер енді толық мәнінде басталып жатыр. Алдағы уақытта тағы тың мәселелер ашылатыны сөзсіз.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

Әбсадық А. Ер Кейкі елінде («Ұлы дала тұлғалары: Кейкі батыр ізімен» ғылыми ағартушылық экспедициясының материалдары бойынша) // «Кейкі батыр: ерлік пен елдік тағылымы» атты дөңгелек үстелдің материалдары. – Қостанай, 2017 ж. – 94 бет.

Әлмағамбет Бөгетбай. Торғайдағы азаттық көтеріліс. Тарихи очерк, зерттеулер. – Астана, «Әлем», 2000 ж. – 180 бет.

Бекмағанбетов Ә. Қолмерген Кейкі батыр туралы не білеміз? // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2016. – 1 сәуір.

Жақып Қ. Кейкі батыр туралы кейбір деректер мен дәйектер. // Кейкі батыр: ерлік пен елдік тағылымы. Дөңгелек үстел материалдары. Қостанай, 2017.-94 б.

Нұрманов, 2005 - Нұрманов А. Құланның ажалы: Роман. – Алматы: Раритет, 2005. – 224 б.

Сүлеймен Мақсұтбек Кейкі Көкембайұлы. – Павлодар: ЖК «Сытина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 404 б.

Калюта Ф.И. Этих дней не смолкнет слава (Из воспоминаний Ф. И. Калюты, члена КПСС с 1920 г.) // Синие шинели. Издательство «Казахстан, Алма-ата, 1967 (<http://maxima-library.org/mob/b/309779?format=read>)

Кейкі батыр (Нұрмағамбет Көкембайұлы): өмірі мен өлімінің тарихы. Республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдар жинағы. Қостанай-Арқалық, 2017. – 47 б.

«Кейкі батыр: ерлік пен елдік тағылымы» атты дөңгелек үстелдің материалдары. – Қостанай, 2017 ж. – 94 бет.

Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚРПА). 139-қ., 1-т., 80-іс, 34-п.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) 66-қ., 1-т., іс-53, 203-п.

Қостанай облыстық мемлекеттік архиві (ҚОМА) 24-қ., 1-т., 112-іс, 5-п.

Қаратаев М. Даладағы дабыл: Документтерге негізделген публицистикалық роман. – Алматы: Жазушы, 1981. – 400 б.

Қылышбайұлы Ә. Құлан Қыпшақ Кейкі батырдан соң. – Арқалық, 1997.-193 б.

References

- Absadyk A. Er Keiki elinde ("Uly dala tulgalary: Keiki batyr izimen" by Gylym akartushylyk expeditions sons materialsdary boyinsha) // Keiki batyr: country and heroic readings. Round table materials. – Kostanay, 2017. – 94 p. [In Kazakh].
- Bekmaganbetov O. Holmergen Keiki batyr turaly not bilemiz? // "Egemen Kazakhstan" newspaper. – 2016. – 1 sauir.[In Kazakh].
- Zhaqyp Q. Keyki batyr turaly keibir derekter men deyekter // Keyki batyr: erlik pen eldik tarylymy. Döngelik ýstel materialdary. // Keiki batyr: country and heroic readings. Round table materials. – Kostanay, 2017. –94 p. [In Kazakh].
- AlmagambetBogetbay. Torgaydagy azattyq koterilisi (tarixi oçherk - zertteuler) [Liberation uprising in Turgai (historical essay - research)]. – Astana: World. 2000. – 180 p. [In Kazakh].
- Nurmanov A. Qulanniñ ajalı: Roman. [Death of Kulan: Novel]. – Almaty: Raritet, 2005. – 224 p. [In Kazakh].
- Suleimen M. Keiki Kukembayuly. – Pavlodar: ZhK "Sytina N.I." baspahanasy, 2017. –404p.[In Kazakh].
- Kalyuta F.I. These days will not cease glory (From the memoirs of F. I. Kalyuta, a member of the CPSU since 1920) // Blue overcoats. Publishing house "Kazakhstan, Alma-ata, 1967 (<http://maxima-library.org/mob/b/309779?format=read>)
- Keyki batyr (Nurmarambet Kukembayuly): omiri men olimiinin tarikhy. Respublikalyk Gylymy-tazhirbielik conference materialsdar zhinay. – Kostanay-Argalyk, 2017. –47 p.[In Kazakh].
- Keyki batyr: erlik pen eldik taulymy. Döngelik ýstel materialdary. //Keiki batyr: country and heroic readings. Round table materials. Kostanay, 2017. – 94 p. [In Kazakh].
- Karataev M. Daladary dabyl: Dokumentterge neizdelgen publicisticct novel. –Almaty: Zhazushy, 1981. –400 p.[In Kazakh].
- Kylyshbauly A. Qulan Qypshak Keiki batyrdan son. – Argalyk, 1997. –193 p.[In Kazakh].

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА ЯНЫЧАРЛАР ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (XV-XVIII ғғ.).....	5
Алдажұманов Қ.С., Шілдебай С.Қ., Асанова С.Ә. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНАН (1941-1945).....	17
Ахмет А.Қ., Шотанова Ғ.А., Қозыбақова Ф.А. ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ.....	32
Әбсадық А.А. КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР	44
Әбсадық А.А., Исенов Ө.И. КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА	57
Әпендиев Т.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР.....	69
Байдалы Р.Ж. 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ұ.Д. «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ АРАЛДАРЫ ЖӘНЕ АТЛАНТ МҰХИТЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ.....	91
Бисембаева Л.А. ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы).....	100
Борбасов С.М. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	110
Ескеева М.Қ. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	131
Жұмаділ А.Қ., Өжкенов Е.М., Жұмаділ М.Т. ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТА: БИЛЕУШІЛЕРДІҢ, БИЛЕУШІ ӘУЛЕТ ПЕН ТАЙПАЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ КИЕЛІЛІГІ ЖӨНІНДЕ.....	142
Жүгенбаева Ғ.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ.....	156
Жүнісбаев А., Алдажұманов Қ., Шілдебай С. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТТЫ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ (1941-1945): 81, 96 және 105 атты әскер дивизияларының материалдары бойынша	168
Иембекова М.О. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАНДЫҚ ДЕРЕКТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
Исенов О.И. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ.....	218
Кабдушев Б., Шілдебай С. ҮКІМЕТ ТӨРАҒАСЫ Н. НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
Қабыл А.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	248
Қаипбаева А.Т. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	260

Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында).....	274
Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ (1946-1955).....	287
Қозыбаева М.М. XX ғ. 30-ШЫ ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ БАТЫС СІБІР АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРЫ.....	304
Қоңқабаева Н.Н. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ-ТУХФА ҚОЛЖАЗБАСЫНА ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. XVIII ғ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ	324
Мұхатова О.Х. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э., Молдашева С.К. АТЫРАУ ӨЛКЕСІ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ: САУАТСЫЗДЫҚТАН ОРТА МЕКТЕПКЕ.....	345
Оспанов Н.М. ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ МЕН КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ МЕМЛЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС ТАРИХЫНАН: ЛАТЫН ӨЛПБИ ҮШІН КҮРЕС.....	368
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР.....	385
Садвокасова З.Т. ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК УАҒЫЗ (XIX – XX ғасырдың басы).....	399
Сатанов А.Б. ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ	411
Серубаева А.Т. Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТӨБЕ КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ.....	443
Тусупов А.Р. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ АЙНАСЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ТАРИХЫ.....	472
Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ҚАЛБА-НАРЫМ ӨҢІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ (1991 жылға дейін).....	484
Шотанова Ғ.А., Ужкенов Е.М., Джумағалиева К.В. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРИХНАМАДАҒЫ ЖӘНГІР ХАНДЫҢ БАСҚАРУ САЯСАТЫ БАҒЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ	495
Шілдебай С., Кабдушев Б., Жұмағов Д. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЕНГІЗУ ТАРИХЫНАН	507

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ИНСТИТУТ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ И ФУНКЦИИ ЯНЫЧАРСКОЙ ВОЕННОЙ СИСТЕМЫ В ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ (XV-XVIII вв.).....	5
Алдажуманов К.С., Шилдебай С.К., Асанова С.А. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ (1941-1945).....	17
Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Козыбакова Ф.А. УЧЕННЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ.....	32
Абсадык А.А. КЕЙКИ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ.....	44
Абсадык А.А., Исенов О.И. КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫК-ЖАЛАУЛЫ.....	57
Апендиев Т.Ә. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.....	69
Байдалы Р.Ж. КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В РЕСПУБЛИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жузбаева У.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ОСТРОВОВ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ И АТЛАНТИЧЕСКОГО ОКЕАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН».....	91
Бисембаева Л.А. ЖЕТЫСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века).....	100
Борбасов С.М. ПАРАДИГМА НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА И ДИАЛЕКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ.....	110
Ескеева М.Қ. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ	131
Жумадил А.К., Ужкенов Е.М., Жумадил М.Т. СТЕПНАЯ ЭЛИТА: О САКРАЛЬНОМ ПРОИСХОЖДЕНИИ ПРАВЯЩИХ ПЛЕМЕН, ДИНАСТИЙ И ПРАВИТЕЛЕЙ.....	142
Жугенбаева Г.С. ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	156
Джунисбаев А., Алдажуманов К., Шилдебай С. КАВАЛЕРИЙСКИЕ СОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-45): по материалам 81-й, 96-й и 105-й кавалерийских дивизий	168
Иембекова М.О. СОВРЕМЕННЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КЫРГЫЗСТАНОМ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е.КУМЕКОВ И ЕГО ВКЛАД В ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ.....	206
Исенов О.И. ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ.....	218
Кабдушев Б., Шилдебай С. ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВИТЕЛЬСТВА Н. НУРМАКОВ И ПРОБЛЕМЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ СКОТОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА.....	231
Кабыл А.А. ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО- ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	248
Каипбаева А.Т. МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, БОРЕЦ ЗА НАЦИОНАЛЬНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ.....	260

Кали А.Н. ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области).....	274
Кали А.Н. УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)....	287
Козыбаева М.М. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX В.....	304
Конкабаева Н.Н. ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОМУ МАНУСКРИПТУ АТ-ТУХФА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. РОЛЬ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В XVIII В.....	324
Мухагова О.Х. МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ.....	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э. Молдашева С.К. СЛАВНЫЙ ПУТЬ ПЕДАГОГОВ АТЫРАУСКОГО КРАЯ: ШКОЛ: ОТ ЛИКБЕЗА ДО СРЕДНИХ ШКОЛ.....	345
Оспанов Н.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ С ДРЕВНИМИ И СРЕДНЕВЕКОВЫМИ КОРЕЙСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. К ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ЯЗЫКОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: БОРЬБА ЗА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ.....	368
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И КАЗАХИ.....	385
Садвокасова З.Т. ПРАВОСЛАВНАЯ ПРОПОВЕДЬ СРЕДИ КАЗАХОВ (XIX - начало XX веков).....	399
Сатанов А.Б. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	411
Серубаева А.Т. ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТЮБИНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ И ИСТОРИЯ.....	443
Тусупов А.Р. ПОЛИТИЧЕСКАЯ АНТРОПОЛОГИЯ И СПЕЦИФИКА КОЧЕВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ДРЕВНИХ ТЮРОК.....	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА И АКТОБЕ В ЗЕРКАЛЕ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА.....	472
Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ.....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумагалиева К.В. ОБРАЗ ДЖАНГИР ХАНА В ПОЛИТИКЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПЬЮ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	495
Шилдебай С., Кабдушев Б., Жуматов Д. СОВЕТСКИЙ КАЗАХСТАН: ИЗ ИСТОРИИ ВВЕДЕНИЯ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	507

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Akynova A.P. INSTITUTE OF BATYRS IN KAZAKH SOCIETY AND FUNCTIONS OF THE JANISSARIES MILITARY SYSTEM IN THE OTTOMAN EMPIRE (XV-XVIII centuries).....	5
Aldazhumanov K., Shildebay S², Assanova S. FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN WARTIME (1941-1945).....	17
Ahmet A.K., Shotanova G.A., Kozybakova F.A. ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV.....	32
Absadyk A.A. KEIKI MERGEN: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES.....	44
Absadyk A.A., Issenov O.I. KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY.....	57
Apendiyev T.A. DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955.....	69
Baidaly R.Zh. KAZAKH REFUGEES IN THE REPUBLICS OF CENTRAL ASIA DURING THE HUNGER OF THE 1930S.....	78
Batyrkhan B.Sh., Zhuzbayeva U.D. HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE ISLANDS OF THE MEDITERRANEAN SEA AND THE ATLANTIC OCEAN IN THE SOURCE «TAQWIM AL-BULDAN».....	91
Bissembayeva L.A. THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALFOF19 TH CENTURY -EARLY 20 TH CENTURY).....	100
Borbassov S.M. THE PARADIGM OF AN INDEPENDENT STATE AND THE DIALECTICS OF ITS DEVELOPMENT.....	110
Yeskeyeva M.K. KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES.....	131
Zhumadil A.K., Uzhkenov E.M., Zhumadil M.T. THE STEPPE ELITE: ON THE TITULAR ORIGIN OF RULING TRIBES, DINASTIES AND RULERS.....	142
Zhugenbayeva G. HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE.....	156
Junisbayev A., Aldazhumanov K., Shildebay S. CAVALRY UNITS OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945): based on materials of the 81 st , 96 th and 105 th cavalry divisions.....	168
Iyembekova M.O. CURRENT LEVEL OF THE DEVELOPMENT AND PROBLEMS OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN	191
Ilyassova Z.S. ACADEMICIAN B. KUMEKOV AND HIS CONTRIBUTION TO DOMESTIC RESOURCE STUDIES.....	206
Issenov O.I. FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY.....	218
Kabdushev B., Shildebay S. CHAIRMAN OF THE GOVERNMENT N. NURMAKOV AND THE PROBLEMS OF RESTORING THE LIVESTOCK FARMING.....	231
Kabyl A.A. FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18 th – EARLY 20 th CENTURIES IN KAZAKHSTAN.....	248
Kaipbaeva A.T. MAKHAMBET UTEMISOV – A HISTORICAL FIGURE, NATIONAL LIBERATION FIGHTER.....	260
Kali A.N. CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION).....	274
Kali A.N. THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955).....	287

Kozybayeva M.M. KAZAKH MIGRANTS IN THE TERRITORY OF WESTERN SIBERIA IN THE PERIOD OF EARLY 1930-ies FAMINE.....	304
Konkabayeva N.N. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ.....	313
Margulan D.A., Margulan A.S. OLZHABAI BATYR'S ROLE IN CONSERVATION KAZAKH STATEHOOD IN THE XVIII C.....	324
Mukhatova O.Kh. THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION	334
NagimovSh.N., Berdyguzhin L.B., Zhumabayeva E., Moldasheva S.K. THE GLORIOUS PATH OF THE TEACHERS OF THE ATYRAU REGION:FROM LITERACY CLASSES TO SECONDARY SCHOOLS	345
Ospanov N. HISTORIOGRAPHY OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN THE NOMADS OF THE GREAT STEPPE WITH THE ANCIENT AND MEDIEVAL KOREAN STATES	358
Ramazanova F.S., Kakenova Z.K. ON THE HISTORY OF NATIONAL-LANGUAGE CONSTRUCTION IN SOVIET KAZAKHSTAN: FIGHT FOR THE LATIN ALPHABET.....	368
Rustemov S.K., Orazov R.E. THE MUSLIM MOVEMENT AND THE KAZAKHS.....	385
Sadvokassova Z.T. ORTHODOX PREACHING AMONG KAZAKHS (second half of the XIX-early XX centuries).....	399
Satanov A.B. HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH.....	411
Serubayeva A.T. ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV.....	431
Stamshalov E.I. ARALTYUBES REBELLION: HISTORY AND LESSONS.....	443
Tussupov A.R. POLITICAL ANTHROPOLOGY AND SPECIFICITY OF THE NOMADIC STATEHOOD OF THE ANCIENT TURKS.....	458
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. HISTORY OF SARAYCHIK AND AKTOBE IN THE MIRROR OF RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE PRE-REVOLUTIONARYPERIOD.....	472
Shakenov S.T., Yergabylov A.E. BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION.....	484
Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Dzhumagalieva K.V. THE IMAGE OF JANGIR KHAN IN GOVERNANCE POLICY TOWARDS THE STEPPE IN DOMESTIC AND FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	495
Shildebay S., Kabdushev B., Zhumatov D. SOVIET KAZAKHSTAN: FROM THE HISTORY OF THE INTRODUCTION OFFICE WORK IN KAZAKH LANGUAGE.....	507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 4(24)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй